



ТҮҢ Р А Ж - Қ А З А Л Ы



№10
(2389)
Сенбі
7 ақпан
2026 жыл
Газет
2003 жылдың
5 қаңтарынан
шығады



Аймақтық
ақпараттық-
танымдық
басылым

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНА ТАРАЙТЫН ГАЗЕТ

ЖАҢА АТА ЗАҢНЫҢ ЖОБАСЫ ТҮСІНДІРІЛІП, АУДАННЫҢ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДАМУЫ МӘСЕЛЕЛЕРІ ТАЛДАНДЫ

Аудан әкімі Алмасбек Есмахановтың төрағалығымен Мемлекет басшысының бастамасымен әзірленіп жатқан Жаңа Ата Заңның жобасын халыққа кеңінен ақпараттандыру және өңіріміздегі бірқатар маңызды мәселелерге байланысты арнайы мәжіліс өтті.

Мәжілісте аудан әкімі алдымен қаңтар айында Қызылорда қаласында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың қатысуымен өткен Ұлттық құрылтайдың V-ші отырысында айтылған негізгі бағыттары жайлы кеңінен әңгімеледі. Сондай-ақ, Президенттің өңірдің даму қарқынына берген жоғары бағасын атап өтіп, жылу электр орталығының іске қосылуы, ауыз су, газ, жол сапасы мен логистика инфрақұрылымын дамыту бағытындағы жұмыстардың маңыздылығына тоқталды.

Сонымен қатар, облыс орталығында өткен өңірлік инвестициялық штаб отырысының қортындыларын айтып өтті. Қызылорда облысында қалыптасқан қолайлы инвестициялық ахуал, өткен жылғы тартылған инвестициялар көлемі, іске қосылған және



алдағы жылдарға жоспарланған ірі жобалар жөнінде әңгімелеп, инвестиция тарту – аудан экономикасын дамытудың негізгі тетігі екенін атап өткен Алмасбек Әбілқасымұлы, тиісті сала басшыларына осы бағыттағы жұмысты жандандыруды тапсырды.

Мәжілісте оған қатысушыларға Мемлекет басшысының бастамасымен әзірленіп жатқан Жаңа Ата Заңның жобасы кеңінен түсіндірілді. Аудан бас-

шысы жаңа Конституцияның жобасының басты өзегі – адам құқықтары мен бостандықтарын қорғау, әділеттілік, «Заң мен Тәртіп» қағидаты, бірлік пен тұрақтылықты нығайту екенін айтып, жаңа конституциялық нормалар қоғамды жаңғыртуға, саяси институттардың тиімділігін арттыруға және азаматтардың цифрлық ортадағы құқықтарын қорғауға бағытталғанын жеткізді.

Осыған байланысты Жаңа

Конституция жобасын халық арасында кеңінен ақпараттандыру жұмыстарын жандандыруды тапсырды. Ауданда құрылған Ақпараттық штабтың жұмысы әлеуметтік желілер, ресми бұқаралық ақпарат құралдары және мониторинг бойынша жүйелі жүргізілуі қажет екенін айтып, сала басшыларына тұрғындармен тікелей түсіндіру жұмыстарын белсенді ұйымдастыруды жүктеді.

Жиында аудандық мәслихаттың төрағасы Ғазиз Әліш сөз алып, елдің ертеңіне бағытталған елдік іске барша азаматтарды қолдау көрсетуге шақырды.

Мәжілісте жауапты сала басшыларына 2026 жылға арналған экономикалық көрсеткіштердің орындалуын қамтамасыз ету, салалар бойынша нақты талдау жасап, нәтижесін ұсыну жөнінде тапсырмалар берілді.

Мәжілісті қортындылаған аудан әкімі жауапты сала басшылары мен қала, кент және ауылдық округ әкімдеріне берілген тапсырмалардың орындалуын қатаң бақылауда ұстап, әрбір тапсырмадан жақсы нәтиже шығаруды ескертті.

АУДАНДА ПАЙДАЛАНУҒА БЕРІЛГЕН ӘЛЕУМЕТТІК НЫСАНДАРДЫҢ ЖАҒДАЙЫНА ЗЕРДЕЛЕУ ЖҮРГІЗІЛДІ

Аудан әкімі Алмасбек Есмаханов облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың тапсырмасына сәйкес аудан аумағында соңғы жылдары пайдалануға берілген әлеуметтік нысандарды аралап, олардың қазіргі жай-күйі мен ғимараттардың сапасына зерделеу жүргізді.

Ауданда соңғы төрт жылда 14 әлеуметтік нысан халық игілігіне берілген. Олардың қатарында спорт кешендері, дәрігерлік амбулаториялар, мәдениет үйлері, мектептер мен балабақшалар бар. Сонымен қатар, қазіргі таңда Әйтеке би кенті мен Қожабақы аулында 2 жаңа спорт кешенінің құрылысы қарқынды жүргізілуде.

Аудан әкімі Жанқожа батыр, Бекарыстан би, «Майдакөл», Түктібаев ауылдарындағы бірқатар әлеуметтік нысандарды аралап, ғимараттардың ішкі-сыртқы жағдайын, инженерлік желілерінің жұмысын, жылу, жарық, санитарлық талаптардың



сақталуын жеке бақылап шықты. Зерделеуде анықталған бірқатар кемшіліктерге байланысты әлеуметтік нысандардың құрылысын жүргізген мердігер мекемелердің басшыларына ақауларды белгіленген кепілдік

міндеттемелер шеңберінде толық қалпына келтіруді ескертті. Сонымен қатар, мекеме басшыларына ғимараттарды күтіп-ұстау, абаттандыру және санитарлық тазалықты сақтауға ерекше назар аударуды қатаң

тапсырды.


Сондай-ақ, пайдалануға берілген нысандардың тек сыртқы келбеті ғана емес, ең алдымен қауіпсіздігі мен қолайлылығы басты назарда болуы тиіс екенін атап өтіп, тұрғындарға сапалы қызмет көрсетуге барлық жағдай жасалуы керектігін жеткізді.

Аталған жұмыстарды жүйелі бақылауға алу аудан әкімінің жауапты орынбасарына жүктеліп, анықталған кемшіліктерді шұғыл түрде, бір апта мерзімде толық қалпына келтіру туралы нақты тапсырма берілді.

Аудан басшысы аталған мәселелер аймақ басшысының тікелей бақылауында екенін жеткізіп, алдағы уақытта да әлеуметтік нысандардың сапасы мен тиімді пайдаланылуы тұрақты бақылауда болатынын айтты.

Қазалы ауданы әкімдігінің баспасөз қызметі

АУДАН ӘКІМІ «АМАНАТ» ПАРТИЯСЫ ОБЛЫСТЫҚ ФИЛИАЛЫНЫҢ ТӨРАҒАСЫМЕН КЕЗДЕСТІ



Аудан әкімі Алмасбек Есмаханов ауданға арнайы жұмыс сапарымен келген «АМАНАТ» партиясы Қызылорда облыстық филиалының төрағасы Жандос Базартаймен кездесті.

Кездесуде ауданда партияның жобалары мен сайлауалды бағдарламасының орындалуы, «АМАНАТ» партиясының ұйымдастыруымен өткен ауыл әкімдерінің диалог алаңында Мемлекет басшысы жүктеген міндеттерді жергілікті деңгейде іске асыру мәселелері жан-жақты талқыланды.

Аудан әкімі Президенттің бастамасымен жүзеге асырылып жатқан, елді мекендердің әлеуметтік-экономикалық дамуына серпін беретін «Жер аманаты» және «Ауыл аманаты» жобаларының Қазалы ауданында жүзеге асырылу деңгейі туралы кеңінен баяндап, атқарылып жатқан жұмыстар мен алдағы жоспарларға тоқталды.

Өз кезегінде «АМАНАТ» партиясы Қызылорда облыстық филиалының төрағасы Жандос Нұртайұлы аудан басшысының жұмысына сәттілік тілеп, партияның алдағы кезеңге арналған басым бағыттары мен жоспарларымен бөлісті.

Кездесу қортындысында партиялық жобаларды тиімді іске асыру арқылы аудан тұрғындарының тұрмыс сапасын жақсарту бағытында бірлескен жұмыстар атқарылатындығы айтылды.

ӘЙТЕКЕ БИ КЕНТІНДЕГІ ӘЛЕУМЕТТІК НЫСАНДАРДЫ АРАЛАДЫ

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың тапсырмасына сәйкес аудан әкімі Алмасбек Есмаханов пен ауданға арнайы жұмыс сапарымен келген «АМАНАТ» партиясы Қызылорда облыстық филиалының төрағасы Жандос Базартай Әйтеке би кентінде соңғы жылдары пайдалануға берілген бірқатар әлеуметтік нысандарды аралап, олардың қазіргі жай-күйін бақылады.

Атап айтқанда, 250 орындық аудандық емхана ғимараты, Роза Бағланова атындағы аудандық Мәдениет үйі және Руханият орталығының ғимараттары тексеріліп, нысандардың құрылыс сапасы, инженерлік желілерінің жұмысы, ішкі және сыртқы жағдайы жан-жақты зерделенді.

Сондай-ақ, әлеуметтік нысандардың халыққа сапалы қызмет көрсетуіне қолайлы жағдай жасалуы, қауіпсіздік талаптарының сақталуы және ғимараттардың тиімді пайдаланылуы мәселелеріне ерекше назар аударылды.

Сонымен қатар, анықталған кемшіліктерді кепілдік мерзіміне сәйкес мердігер мекемелер қысқа мерзім ішінде қалпына келтіруі жөнінде ескертулер жасалып, жауапты мекеме басшыларына нысандарды тұрақты бақылауда ұстап, күтіп-ұстау жұмыстарын жүйелі түрде ұйымдастыруға байланысты тапсырмалар берілді.

Жалпы, әлеуметтік инфрақұрылым нысандарының сапалы жұмыс істеуі – тұрғындардың өмір сүру сапасын арттырудың маңызды бағыты. Әлеуметтік нысандардың жағдайын бақылау жұмыстары алдағы уақытта да тұрақты түрде жалғасатын болады.

**Қазалы ауданы әкімдігінің
баспасөз қызметі**

ЖАНДОС БАЗАРТАЙ АУДАНДЫҚ ПАРТИЯ АКТИВІНІҢ КЕҢЕЙТІЛГЕН ОТЫРЫСЫНА ҚАТЫСТЫ

«АМАНАТ» партиясы Қазалы аудандық филиалының партия активінің кеңейтілген отырысы өтті. Жиынға арнайы партияның облыстық филиалының төрағасы Жандос Базартай, ауданнан сайланған облыстық және аудандық мәслихаттың депутаттары, Саяси кеңесі мен Бюро мүшелері, бастауыш партия ұйымдарының төрағалары мен партияның ардагерлері, сондай-ақ, «Жастар рухы» жастар қанатының белсенділері қатысты.

Күн тәртібінде бірқатар мәселелер қаралды. Аудандық филиалдың 2025 жылы атқарған жұмыстары туралы Атқарушы хатшы Нұрғиса Жалғасбаев баяндама жасады.

Төрағасы Жандос Базартай аудандағы партияластардың бірлескен жұмысын жоғары бағалап, алдағы міндеттерді жеткізді.

- «Аудандағы партияластарымыздың бірлескен жұмысы өте жоғары деңгейде. Партияның мақсат-міндеттерін, жобалары мен маңызды бастамаларын іске асыруға елеулі үлес қосып отыр. Өткен жылы ауданда сайлауалды бағдарлама аясында ауыз сумен, газбен қамтамасыз ету, электр желілерін жөндеу, жол құрылысы, әлеуметтік осал топтарды тұрғын үймен қамтамасыз ету және басқа да маңызды іс-шаралар табысты жүзеге асырылды. Алдағы жұмыстарда



-«Өткен жылы Саяси кеңес, Бюро, фракция мүшелері және бастауыш партия ұйымдарының бірлескен белсенді еңбегінің нәтижесінде Қазалы ауданының филиалы өз міндеттерін жоғары жауапкершілікпен орындады. Сайлауалды бағдарламаның мақсаттары сапалы жүзеге асырылып, өнеркәсіп, кәсіпкерлік, білім, денсаулық сақтау, ауыл шаруашылығы, жол құрылысы, инфрақұрылым және басқа да салаларда 67 іс-шара іске асырылды. Депутаттық фракцияның 7 отырысы өтіп, 10 өзекті мәселе қаралды. 91 депутаттық сауал жолданды. Қоғамдық қабылдау алаңына 743 адам жүгініп, 69%-ының мәселесі оң шешімін тапты. Ауылдарда 13 мобильді көшпелі қабылдау ұйымдастырылды. «Ауыл аманаты» және «Жер аманаты» жобалары бойынша да нәтижелі жұмыстар атқарылды. Алдағы уақытта филиал осы бағыттарды дамытып, ел игілігіне арналған маңызды жобаларды жалғастыра береді», — деді Нұрғиса Жаппарбергеноұлы.

Келесі кезекте Партиялық бақылау комиссиясының төрағасы Әділбек Сарабеков партиялық бақылау жұмыстарының нәтижелері мен негізгі бағыттарын таныстырды. Сонымен қатар, бастауыш партия ұйымдарының белсенді қызметі де назардан тыс қалмады. «Шипагер» бастауыш партия ұйымының төрағасы Күншығар Әбілов 2025 жылы атқарылған жұмыстарға тоқталып, ұйымның партиялық мақсаттарға қосқан үлесін атап өтті.

Жиында облыстық филиалдың

осы ынтымақтастықты сақтап, бірлескен жұмыстарымызды сапалы әрі уақтылы орындау, барлық атқарылған істі халыққа ашық, кеңінен насихаттау, жастар мен әйелдердің саяси белсенділігін арттыру, кооперативтік жобаларды дамыту және партиялық бақылауды күшейту қажет», - деді төраға.

Сонымен қатар, қоғамда қызу талқыланып жатқан Конституциялық реформаларға тоқталып, «АМАНАТ» партиясы бұл бағытта ашықтықты басты қағида етіп, жан-жақты әрі жүйелі түсіндіру жұмыстарын жүргізуге, сондай-ақ, азаматтармен тікелей, ашық диалог орнатуға ерекше мән беретінін атап өтті. Сонымен қатар, партияның барлық мүмкіндігі мен ресурсы осы жұмыстарды тиімді жүзеге асыруға бағытталатынын жеткізді.

Партияның Саяси кеңес Бюросының мүшесі Талайлы Бөріқұлақов өз пікірін білдіріп, партияның атқарып жатқан жұмыстарының ауқымы кең екенін айтты.

Мәжіліс соңында бірқатар партия белсенділері мен «Ауыл аманаты» жобасын іске асырушы кәсіпкерлер партияның облыстық филиалы төрағасының Алғыс хаттарымен марапатталды. Жаңа партия мүшелеріне партиялық билеттер табысталды.

Жиын қортындысында аудандық партия филиалының төрағасы Ғазиз Әліш партия активін ортақ бастамаларды жаңа серпінмен бірлесе жүзеге асыруға шақырды.

**«АМАНАТ» партиясының
Қазалы аудандық филиалы**

КӘМЕЛЕТКЕ ТОЛМАҒАНДАРДЫҢ ҚАУІПСІЗДІГІН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ – МАҢЫЗДЫ МІНДЕТ

Кәmelетке толмаған балалардың қамтамасыз ету – қоғамның ортақ міндеті. Балалар – мемлекеттің болашағы, сондықтан олардың өмірі мен денсаулығын қорғау мемлекет, қоғам және отбасы үшін басым бағыт болып саналады. Балалардың қауіпсіздігі физикалық, психологиялық және әлеуметтік қорғауды қамтиды. Кәmelетке толмағандар өз құқықтарын толық көлемде қорғай алмайтындықтан, оларды әртүрлі қауіп-қатерлерден сақтау ерекше жауапкершілікті талап етеді. Осы бағытта Қазақстан Республикасында бірқатар заңнамалық актілер мен мемлекеттік бағдарламалар жүзеге асырылуда.

Отбасында баланың қауіпсіздігіне ең алдымен ата-ана жауапты. Үй жағдайында тұрмыстық жарақаттардың алдын алу, баланың денсаулығына зиян келтіретін факторларды болдырмау және оның құқықтарын сақтау маңызды. Сонымен қатар, баланың психологиялық саулығына мән беріп, зорлық-зомбылықтың кез келген түріне жол бермеу – ата-ананың басты міндеті.

Білім беру ұйымдарында балалар үшін қауіпсіз әрі қолайлы орта қалыптастыруға ерекше назар аударылады. Қоғамдық орындар мен көшелерде балалардың қауіпсіздігі жол қозғалысы ережелерін сақтау, құқық қорғау органдарының алдын алу шаралары және ата-аналардың бақылауы арқылы қамтамасыз етіледі.

Сондай-ақ, ақпараттық технологиялардың дамуына байланысты интернет кеңістігіндегі балалар қауіпсіздігі ерекше маңызға ие. Кибербуллинг, интернет-алаяқтық және зиянды ақпараттан қорғау мақсатында түсіндіру және алдын алу шаралары полиция қызметкерлерімен ұдайы жүргізілуде.

Кәmelетке толмаған балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету – тек мемлекеттік органдардың ғана емес, бүкіл қоғамның ортақ міндеті. Балаларға қауіпсіз орта қалыптастыру арқылы ғана біз саналы, дені сау ұрпақ тәрбиелей аламыз. Сонымен қатар, осы мақсатта білім беру ұйымдарында, білім алушылармен үнемі кездесу ұйымдастырамыз. Іс-шаралар

арқылы балалардың сауатын арттыру және отбасында орын алатын зорлық-зомбылықтың жолын кесу мақсатында заң талаптарын түсіндірудеміз.

Кәmelетке толмағандардың вэйпарды, электронды темекілерді, темекі бұйымдарын, кальяндарды пайдалануын болдырмау үшін жұмыс жүргіземіз. Кешкі мезгілдерде жалғыз жүрмеу, бейтаныс адаммен сөйлеспеу, жол көлік ережесін сақтау, автото көліктерін басқармау керектігін үнемі естеріне салып отырамыз.

Махаббат БЕГАЛИЕВА,
Аудандық ішкі істер бөлімінің Ювеналды полиция тобының аға инспекторы, полиция майоры

САНИТАРИЯЛЫҚ-ЭПИДЕМИОЛОГИЯЛЫҚ ҚОРЫТЫНДЫ БЕРУ ТӘРТІБІ

«Эпидемиялық мәнi жоғары объектінің халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы нормативтік құқықтық актілерге сәйкестігі туралы санитариялық-эпидемиологиялық қорытынды беру» мемлекеттік қызметі (бұдан әрі – объектінің мемлекеттік қорсетілетін қызмет) Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Санитариялық-эпидемиологиялық бақылау комитеті және оның аумақтық бөлімшелері (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) «электрондық үкімет» www.e.gov.kz, www.elicense.kz веб-порталы (бұдан әрі – портал) арқылы көрсетеді.

Қызметті көрсету процесінің сипаттамасын, нысанын, мазмұны мен нәтижесін, сондай-ақ, мемлекеттік қызмет көрсету ерекшеліктерін ескере отырып, өзге де мәліметтерді қамтитын мемлекеттік қызметті көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі осы қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес «Эпидемиялық

мәнi жоғары объектінің халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы нормативтік құқықтық актілерге сәйкестігі туралы санитариялық-эпидемиологиялық қорытынды беру» мемлекеттік қызметі (бұдан әрі – объектілерге мемлекеттік көрсетілетін қызмет тізбесі) келтірілген.

Санитариялық-эпидемиологиялық қорытынды беру және халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы мемлекеттік бақылау мен қадағалауға жататын өтініш портал арқылы жіберіледі.

Көрсетілетін қызметті алушы өтінішті келіп түскен күні тіркейді. Жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, демалыс және мереке күндері жүгінген кезде еңбек заңнамасына сәйкес өтініштерді қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелерін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады.

Көрсетілетін қызметті берушінің жауапты бөлімшесінің объектілерге мемлекеттік қызмет стандарттың 8-тармағында көрсетілген құжаттарды тіркеген сәттен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде ұсынылған құжаттардың толықтығын тексереді.

Көрсетілетін қызметті алушының жеке басын куәландыратын құжатты деректері туралы, заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу), дара кәсіпкерді мемлекеттік тіркеу туралы мәліметтерді көрсетілетін қызметті беруші «электрондық үкімет» шлюзі арқылы тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден алады.

Көрсетілетін қызметті алушы толық емес құжаттар топтамасын және (немесе) қолданылу мерзімі өткен құжаттарды ұсынған жағдайда жауапты құрылымдық бөлімшенің қызметкері көрсетілген мерзімде өтінішті одан әрі қараудан дәлелді бас тартуды дайындайды.

Көрсетілетін қызметті беруші

басшысының электрондық цифрлық қолтаңбасымен (бұдан әрі – ЭЦҚ) қол қойылған өтінішті одан әрі қараудан дәлелді бас тарту көрсетілетін қызметті алушыға электрондық құжат нысанында жіберіледі.

Көрсетілетін қызметті алушы құжаттардың толық топтамасын ұсынған жағдайда, көрсетілетін қызметті берушінің жауапты құрылымдық бөлімшесінің қызметкері 4 (төрт) жұмыс күнде объектіге мемлекеттік санитариялық-эпидемиологиялық нормалау жүйесі құжаттарының талаптарына сәйкестігін тексеруді жүзеге асырады. Оның нәтижелері бойынша 1 (бір) жұмыс күні ішінде осы қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша объектіні санитариялық-эпидемиологиялық тексеру актісі ресімделеді.

Ранайкул САХАНОВА,
Қазалы аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының бас маманы

● Хабарландыру

2026 жылғы 10 ақпан күні сағат 16:00-де аудандық мәслихаттың кезектен тыс 52 сессиясы шақырылады. Сессияның күн тәртібінде «2026-2028 жылдарға арналған аудандық бюджет туралы» Қазалы аудандық мәслихатының 2025 жылғы 19

желтоқсандағы 48 сессиясының шешіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы мәселе қаралады.

Сонымен қатар, сағат 15:30-да аудандық мәслихаттың тұрақты комиссияларының бірлескен отырысы өткізіледі.

2026 жылғы 12 ақпан күні сағат 11:00-де аудандық мәслихаттың кезектен тыс 53 сессиясы шақырылады. Сессияның күн тәртібінде «2026-2028 жылдарға арналған аудандық маңызы бар қала, кент, ауылдық округ

бюджеттері туралы» Қазалы аудандық мәслихатының 2025 жылғы 23 желтоқсандағы 49 сессиясының шешімдеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы мәселе қаралады.

Қазалы аудандық мәслихатының аппараты

Меншік иесі: «ТҮРАН-ҚАЗАЛЫ» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.

ДИРЕКТОР
Нұрбол ӘЛМӘМБЕТОВ

БАС РЕДАКТОР
Раушанбек СЕЙТЕНОВ

Газет Қазақстан Республикасының Ақпарат Министрлігінде 2004 жылғы 15 наурызда тіркеліп, №4801-г куәлігі берілген

Газет аптасына екі рет: сәрсенбі және сенбі күндері шығады. Газет «Тұран-Қазалы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің баспаханасында компьютермен теріліп, беттеліп, офсеттік тәсілмен басылды.

Редакция мен баспахананың мекен-жайы: 120400, Қызылорда облысы, Қазалы ауданы, Әйтеке би кенті, Қ.Пірімов көшесі, №14 үй.

Телефондар: директор - 2-17-49, бас редактор - 2-47-77, бухгалтер -2-60-94, факс 8 (724-38)2-17-49.

Тарату аумағы: Қызылорда облысы.

Газет табыс етілмесе, 2-13-91 телефонына хабарласуға болады.

Жариялымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді. Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

E-MAIL: tooturankazaly@mail.ru

Таралымы 11507 дана.